

Республикалық балаларды оңалту орталығының құрылысы туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 18 сәуірдегі N 501

Балалар ауруы деңгейінің жоғарылығына және оларды, әсіресе көп балалы әрі аз қамтамасыз етілген отбасыларын, сондай-ақ экологиялық тұрғыдан қолайсыз аймақтарда тұратын балаларды сауықтырудың қажеттігіне байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Алматы қаласында жалпы сметалық құны 22,5 млн. (жиырма екі миллион бес жүз мың) АҚШ доллары тұратын Республикалық балаларды оңалту орталығының құрылысын жүргізу жөніндегі ұсынысы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі тапсырылған материалдар мен техникалық-экономикалық дәлелдемелер негізінде баға сараптауын жүргізсін және түркия жағымен кредиттік келісім жасасын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:
бюджет қаражаты есебінен объектінің жалпы құнының 15 проценті мөлшерінде аванстық төлем жасайтын болсын;

1997 жылдан бастап тиісті жыл бюджетінде аталған кредитті өтеу қаражатын қарастыратын болсын.

4. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі:
қарыз алатындарды айқындасын және Қазақстан Республикасының

мемлекеттік Экспорт-импорт банкіне осы жобаны қаржыландыруға қажетті материалдарды табыс етсін;

жобаны жүзеге асыру мен олар бойынша төлемнің уақытылы жасалуына бақылауды қамтамасыз етсін;

жобаны жүзеге асыру мен олар бойынша төлемнің уақытылы жасалуына бақылауды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 2 тамыздағы N 866 қаулысымен (N 1 қосымша) бекітілген Түркия Республикасының Үкіметі беретін кредит есебінен қаржыландыру үшін ұсынылатын объектілер тізбесіне қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 18 сәуірдегі
N 501 қаулысына
Қосымша

Түркия Республикасы Үкіметі табыстаған кредит
есебінен қаражаттандырылатын объектілер тізбесіне
Өзгерістер

Кәсіпорындардың атауы	Кредитті пайдалану мақсаты	Кредиттің мөлшері (млн. доллар)	Шетелдік әріптес	Ескерту
-----------------------	----------------------------	---------------------------------	------------------	---------

Шығарылсын:

Талдықорған облысының әкімшілігі	Жүн иіру фабрикасының құрылысы	32,3	"Шүкіров" фирмасы	1994 жылы қаражаттарды игеруді қам.-тамасыз етпеуі
----------------------------------	--------------------------------	------	-------------------	--

Кіргізілсін:

Республикалық балаларды оңалту орталығы	Алматыда орталықтың құрылысын жүргізу	22,5	"Финтрако" фирмасы	
---	---------------------------------------	------	--------------------	--

Өзгертілсін:

БАРЛЫҒЫ	134,5
---------	-------